

Екпін ауылдық округі бойынша 2022–2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 13/22-VII шешімі

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 8, 13 бабтарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15 тармақшасына сәйкес, Тарбағатай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Екпін ауылдық округі бойынша 2022–2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспары, осы шешімнің қосымшаларына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тарбағатай аудандық мәслихатының хатшысы

А. Богырбаев

Тарбағатай аудандық
мәслихатының
2021 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 13/22-VII шешіміне
қосымша

Екпін ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

Осы, Екпін ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 28 сәуір 2017 жылы № 15090 тіркелген), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 15 мамыр 2015 жылы № 11064 тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жем-шөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жоспар мазмұны:

1) Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участеклерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) осы Жоспардың 1 қосымшасына сәйкес;

2) Жайылым айналымдарының қолайлыш схемалары осы жоспардың 2 қосымшасына сәйкес;

3) Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы осы Жоспардың 3 қосымшасына сәйкес;

4) Жайылым пайдаланушылардың су тұтынунормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы) қолжеткізу схемасы осы Жоспардың 4 қосымшасына сәйкес;

5) Жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауылшаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы осы Жоспардың 5 қосымшасына сәйкес;

6) Ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдар мен қамтамасыз етілменген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауылшаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы осы Жоспардың 6 қосымшасына сәйкес;

7) Ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі осы Жоспардың 7 қосымшасына сәйкес;

7-1) Жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктеріге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қаңағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекералары және аландары белгіленген картасы.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттең-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) занды тұлғаларды көрсете отырып, ауылшаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауылшаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауылшаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауылшаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдан өтүге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) занды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Екпін ауылдық округінің жалпы көлемі 156 733.2980 га, оның ішінде жайылымдық жерлер- 99 859 га, суармалары жерлер – 3132 га, шабындық жерлер – 8009 гектар.

Санаттар бойынша жерлер бөлінісі:

Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер – 111 000 га;

Елді мекен жерлері – 4564,305 га;

Ауылдық округте 1 мал дәрігерлік пункті, 1 мал сою алаңдары , 1 мал өлекселерін тастайтын орындар бар.

"Жайылымдар туралы" Заңың 13-бабын орындау мақсатында жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болдырмау мақсатында жайылымдарды басқару және олардың орындалуы жөніндегі жоспарды әзірлеу үшін "Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ "ГеоСхема" ЖШС-мен шарт жасасты.

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар – әрбір жер участкесінің жеке сипаттамаларын (құнарлылығын, пайдаланудың техникалық қасиеттерін, табиғи-климаттық, экологиялық және басқа да ерекшеліктерін) ескере отырып, неғұрлым оңтайлы пайдаланылуын қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін қамтитын, жайылымдар аумағының таяудағы болашаққа ұйымдастырылуы мен орналастырулын айқындайтын және негіздейтін құжат.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру процесінде жерді қорғауды және табиғи факторлармен оңтайлы өзара іс-қимылды ескере отырып, Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар негізінде жайылымдық алқаптарды нақты табиғи-экономикалық жағдайларда неғұрлым ұтымды ұйымдастыруға және пайдалануға бағыт беретін, шығымдылықтың айтарлықтай төмендеуіне және шөптің сапалық құрамына алып келмейтін тәсілдермен жер пайдалану мақсаттарын жүзеге асыруда барынша әсерді қамтамасыз ету.

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар таяу арадағы 2 жылға және 5 жылға дейінгі кезеңге жайылымдар өндірісін дамытуды және оның аумағын ұйымдастыруды көздейді.

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды әзірлеу мен жасау кезінде мынадай материалдар пайдаланылды:

- 1980 жылғы жоспарлы картографиялық M 1: 25000 аэротүсірілім және 1985 жылғы дешифрлеу;

- 01.07.2021 жылға ауылдық округтер бойынша үй шаруашылықтарында мал мен құстарын, ауыл шаруашылығы техникасының және құрылыштардың болуы туралы мәліметтер;

- 1980 жылғы геоботаникалық зерттеу материалдары;

- 1987 жылғы суландырылған жайылымдарды түгендеу.

Өндірісті дамыту көрсеткіштерін әзірлеу кезінде Тарбағатай ауданында өзінің өндірістік қызметін мал шаруашылығының ғылыми негізделген аймақтық жүйесі негізінде жүзеге асыратын мал шаруашылығын жүргізу тәжірибесі ескерілді.

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар:

- мәтіндік бөлім – түсіндірме жазбадан;
- М 1:50000 ауылдық округ аумағында жайылымдардың орналасу картасынан;
- жайылым айналымдарының қолайлыш схемаларынан;
- жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландарының, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің картасынан;
- ауылдық округте орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайды жайылымдарға орналастыру схемасынан тұрады.

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Екпін ауылдық округі Тарбағатай ауданының орталық бөлігінде орналасқан, оның ауданы 129,69 мың га, бұл аудан алаңының 5,5 % құрайды.

Солтүстігі мен батысында Сатпаев ауылдық округ жерлерімен шектеседі, шығыста Ақсуат және Құмкөл ауылдық округтердің жерлерімен шектеседі.

Ауылдық округтің орталығы, аудан орталығы – Ақсуат ауылынан 5 км жерде орналасқан Екпін ауылы болып табылады.

Аудан орталығымен көлік байланысы облысы маңызы бар Ақсуат – пикт Буғаз автожолы бойынша жүзеге асырылады. Техникалық жай-күйі бойынша жол қатты жабыны бар IV санатқа жатады. Ауылдық округ ішіндегі елді мекендермен байланыс асфальтталған және қиыршық тасты шаруашылықаралық жолдар арқылы жүзеге асырылады.

Ауылдық округтегі негізгі өндірістік бағыт – мал шаруашылығы, онда етті мал шаруашылығы, қой шаруашылығы және жылқы шаруашылығы басым. Округтің жеке қосалқы шаруашылықтарында 3253 бас ірі қара мал, 409 бас жылқы және 5934 бас қой мен ешкі бар.

2. ӨСІМДІК

Округ аумағында келесі өсімдік аймақтары бөлініп шығарылады:

1. Тау бөктеріндегі шөлді-далалық аймақ даладан шөлге ауыспалы. Бұл аймаққа өсімдіктер құрамында дала ксероморфты шөпті дәнді дақылдар мен шөлді ксероморфты бұталардың болуы тән. Өсімдіктің тұйықталуы 30-40% - дан аспайды, оның биіктігі 30-40 см-ге дейін. Құрғақ өсімдік массасының өнімділігі 3-4 ц/га құрайды.

2. Шөлді аймақ жусанды, жусанды-тұзды және дәнді-жусанды, жартылай бұталы солтүстік шөлдерден құралады. Өсімдік жамылғысында ксерофиттер мен галофиттер (селетті жусан, құмдарда – құмды және шоқ жусан), бұталар – Зайсан сексеуілі, шөптесін үйінділер, качким сортандары, жартылай бұталар – сортаң шөп, кең шыбыншақ және т. б. басым. Өсімдіктің тұйықталуы 30-40% - дан аспайды, оның биіктігі 10-30 см - ге дейін. Құрғақ өсімдік массасының өнімділігі 1-4 ц/га құрайды.

3. ЖАЙЫЛЫМ АУМАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мал шаруашылығы үшін берік жемшөп базасын құру және жайылымдардың тозу процестерін болдырмау үшін арзан және қоректік жемшөптің негізгі көздерінің бірі болып табылатын жайылымдарды дұрыс пайдалану қажет.

Табиғи жайылымдарды ұтымды пайдаланудың негізі жайылым айналымы болып табылады.

Жайылым айналымы – бұл шөптің өнімділігін сақтауға және арттыруға бағытталған жайылымдарды пайдалану және оларға күтім жасау жүйесі. Жеке пайдалану және күтім әдістері ауыспалы, жылдар бойынша белгілі бір ретпен қайталаңатын жүйе. Өсімдіктердің өсіп-өну ерекшеліктерін ескере отырып, жайылымдардың белгілі бір түрлерінде шөпті уақтылы отау; жайылымдың шаруашылықты ұйымдастыруға жұмсалатын шығындардың ең аз мөлшері; жайылым участеклерін, су көздерін дұрыс орналастыру және жануарлардың бос қозғалысын барынша азайту, қажетті ветеринариялық-профилактикалық талаптарды сақтау.

Жайылым айналымдары жүйесінде жайылымдарды пайдалану жануарлардың әрбір тобын қажетті жайылымдың азықпен қанағаттандыруды қамтамасыз етуі, қатты құлатылған участеклерге мезгіл-мезгіл тынығуды қамтамасыз етуі және осылайша шөптің сапасының нашарлауының алдын алуы тиіс.

Жайылымдарды маусымның белгілі бір уақытында демалдыру – оларды жақсартудың маңызды шараларының бірі. Осы уақыт ішінде өсімдіктер ұрықтандырылып, жас өсіндердің көшеттерін шығарады, өсімдік жамылғысының ботаникалық құрамы жақсарады. Жайылымдардың демалуы өнімділіктің айтарлықтай өсуіне мүмкіндік береді және жайылымның барлық түрлеріне пайдалы.

Қазақстанның әр түрлі табиғи аймақтары мен жайылым түрлері үшін Шалғындар мен жайылымдар институты жайылым айналымының тиісті схемаларын әзірледі.

1-кесте

Көктемгі-жазғы-күзгі жайылымдардағы бес жолақты жайылым айналымының схемасы

жылдар	Өрістер					
	I	II	III	IV	V	
1	2	3	4	5	6	
1	көктем-жаз	жаз	жаз-күз	күз	демалыс	

2	демалыс	көктем-жаз	жаз	жаз-күз	күз
3	күз	демалыс	көктем-жаз	жаз	жаз-күз
4	жаз-күз	күз	демалыс	көктем-жаз	жаз
5	жаз	жаз-күз	күз	демалыс	көктем-жаз

2-кесте

Жазғы жайылымдардағы төрт жолақты жайылым айналымының схемасы

жылдар	өрістер			
	I	II	III	IV
1	2	3	4	5
1	демалыс	жаздың басы	жаздың ортасы	жаздың соны
2	жаздың соны	демалыс	жаздың басы	жаздың ортасы
3	жаздың ортасы	жаздың соны	демалыс	жаздың басы
4	жаздың басы	жаздың ортасы	жаздың соны	демалыс

3-кесте

Қысқы жайылымдардағы төрт жолақты жайылым айналымының схемасы

жылдар	өрістер			
	I	II	III	IV
1	2	3	4	5
1	демалыс	қыстың басы	қыстың ортасы	қыстың соны
2	қыстың соны	демалыс	қыстың басы	қыстың ортасы
3	қыстың ортасы	қыстың соны	демалыс	қыстың басы
4	қыстың басы	қыстың ортасы	қыстың соны	демалыс

Жайылым айналымы участеклерінің алаңы жайылым кезеңінің ұзақтығына, бір басқа арналған жайылымдық жемшөп нормасына және жайылымдардың шығымдылығына қарай айқындалады. Жайылым айналымы алаңының орташа мөлшері 600-ден 1500 га-ға дейін. Жайылымдарды жайылым айналымының белгілі бір жүйесінде пайдалану шөптің ботаникалық құрамын сақтаудың және оның табиғи өнімділігін сақтаудың маңызды шарты болып табылады.

Малды дұрыс жайылымда ұстая, өнімділігін арттыру үшін қоршаулық жайылымды ұйымдастырудың маңызы зор.

Жайылымдарды қоршаулар бойынша пайдалану шөпті таптаудан қорғайды, қашаның бір бөлігін ұзақ мерзімге жаюдан демалуға мүмкіндік береді, бұл шөптің қалыпты өсуін жайылым өнімділігінің артуын қамтамасыз етеді.

Коршаулық жайылым жайылымдарды сауықтыруға ықпал етеді және гельминтикалық аурулармен құресте алдын алу шарасы болып табылады.

Коршаулар саны олардың мөлшері мен конфигурациясы, сондай-ақ оларды жайылым айналымының әрбір алаңының шекарасында орналастыру жайылымдардың түріне, жайылатын жануарлардың түріне және нақты ұйымдастыру-шаруашылық жағдайларына байланысты болады.

2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша үй шаруашылықтарында мал басының бар болуына қарай, ауылдық округ әкімдері берген деректер бойынша азықтандыру нормаларын және азықтандыру рационында жайылымдық азықтың үлес салмағын, сондай-ақ 1987 жылғы геobotаникалық зерттеу материалдары бойынша қабылданған жайылымдық алқаптардың жемшөп сыйымдылығын ескере отырып, қолда бар мал басын жайылымдық азықпен қамтамасыз ету үшін қажетті жайылым алқаптары есептелді (4-кесте).

Жайылымдық жерлерді жануарлардың топтары мен тұрлеріне бекіту кезінде суару үшін су көздерінің болуы маңызды. Жайылымдардың негізгі алаңы табиғи су көздерінің (су қоймасы, көлдер, өзендер, бұлактар, бұлактар, тоғандар) есебінен суландырылған. Жануарларды суару тікелей су көздерінен жүзеге асырылады, суару пункттері жоқ. Барлық су көздеріндегі су сапалы, мал суаруға жарамды. Жайылымдарды бекіту кезінде мал суаруының шекті рұқсат етілген радиусы ескерілді: қой мен ешкі үшін – 6 км, сиыр үшін – 2,5 км, жылқы үшін – 8 км.

Сонымен қатар, бір суару пункті қызмет көрсететін рұқсат етілген мал басы ескерілді: - 250 бас ІҚМ немесе жылқы, - 2000 бас қой.

Қарастырылып отырған аумақта құбырлы және шахталы құдықтар бар, олардың есебінен қысқы жайылымдар суландырылған.

Округте негізінен ет бағытындағы ірі қара мал өсіріледі. Етті мал шаруашылығында малды көп мөлшерде жайылым шебімен және жоғары сапалы пішеммен, шырынды және қойылтылған жеммен аз шығынмен азықтандыру әдетке айналған. Жақсы жайылымдарда жасына байланысты 700 г және одан да көп орташа тәуліктік салмақ алуға болады. Аймақтың табиғи-климаттық жағдайлары, ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымы мен сапасы малды бағудың қоралық-жайылымдық жүйесін айқынтайтынын көрсеткішінде көрсеткіштің 40% дәрежесінде орналасқан. Қорада ұстасу кезеңінің ұзақтығы 130-150 күндей құрайды. Жайылым кезеңі 210-230 күнге созылады, сөуір айының басында басталып, қараша айының сонында аяқталады. Қысқы кезеңде мал елді мекендер жанындағы фермаларда және қыстақтарда шоғырланады.

Ірі қара мал басы негізінен қазақтың ақбас, алатау тұқымдарымен, сондай-ақ басқа тұқымдардың будандарымен берілген.

Жылқы шаруашылығы ауданының мал шаруашылығы салаларының бірі, жоғары сапалы және диеталық жылқы етін, емдік сусын – қымыз, тері шикізатын өндіру көзі болып табылады. Округте 409 бас жылқы бар. Табынды жылқы шаруашылығының дамуына құрамы мен қоректілігі жағынан бай есімдіктері мен суаратын көздері бар таулы және тау бөктеріндегі жайылымдардың ауқымды массивтерінің болуы қолайлы. Аудан шаруашылықтарында қазақ жылқысының бір қатар түрі өсіріледі, оның ішінде негізгі түрі - "Джабе". Қазақтың "Джабе" жылқысы – ірі және ықшам денелі. Жылқыларды ұстасу жүйесі атқоралвқ- жайылымдық. Жайылымдық кезеңнің ұзақтығы 300-320 күн.

Қой шаруашылығы ауданың мал шаруашылығының негізгі салаларының бірі, қой еті мен жүн, сондай-ақ тері-тон шикізаты өндірісінің көзі болып табылады. Округте 5934 бас қой мен ешкі бар. Құрғак дала және шөлдейт аймақтарда қойлардың қатал жайылымдық жағдайларына ерекше бейімделуі, жоғары жүн және ет-май өнімділігі ауданда саланы перспективалы етеді. Ауданда Алтай және Еділбай түкімді қойлар өсіріледі. Қойларды күтіп ұстаса жүйесі –жартылай қоралық болып табылады, онда қойлар жыл бойы жайылады, бірақ қыста және ерте көктемде күн сайын шөппен және концентрацияланған жеммен қоректендіріледі.

4-кесте

Ауылдық округ бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін жайылымдардың қажеттілігін есептеу

Ауылдық округтің атауы	Мал түрі	Бас саны	Жайылымдық жем қажет, ц		1 га жайылымдық азық-тың шығы-мы, ц	Жайылым қажет, га
			басына	барлығы		
1	2	3	4	5	6	7
Екпін а/o	ІКМ қой, ешкі, жылқы	3253 5934 409	40 10 45	207865 130120 59340 18405	10	20786,5

5-кесте

Ауылдық округ бойынша малды жайылыммен қамтамасыз ету

Ауылдық округтің атауы	Мал түрі	Мал басы (нақты)	Жайылым қажет га	Шекарадагы жайылымдар алаңы:		Жетіспеушілігі – (артығы +), га
				Елді мекенде	а/ш арналған жер са-натында	
Екпін а/o	ІКМ қой, ешкі, жылқы	3253 5934 409	20786,5 13012 5934 1840,5	10313,5		- 10473

6. ТАБИГАТТЫ ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫ

Табиғатты қорғау жерді ұтымды пайдаланудың, топырақ құнарлылығын сақтау мен арттырудың негізгі экономикалық проблемаларының бірі болып табылады. Топырақ жамылғысын бұзатын негізгі факторлардың бірі эрозия процестері болып табылады.

Топырақ эрозиясы – бұл табиғи және экономикалық факторлардың күрделі өзара әрекеттесуінің нәтижесі. Эрозия процестерінің дамуына әсер ететін табиғи факторлардың ішінде жер бедері, топырақ жамылғысының ерекшеліктері, есімдіктер мен климаттық жағдайлар маңызды болып табылады.

Экономикалық фактор – бұл адамның шаруашылық қызметі, оның жерге әсері. Оларға: рельефті ескермesten аумақтың шекаралары мен басқа да сыйықтық элементтерінің орналасуы, эрозияға қауіпті жерлерді жырту, ауыспалы егістегі

дақылдардың құрамын анықтау, рельефті ескерусіз алқаптарды өндөу, жайылымдарды жүйесіз пайдалану, эрозияға қарсы шаралар кешенін сақтамау жатады.

Аумақты эрозияға қарсы ұйымдастырудың негізгі міндеті эрозиялық процестерді тоқтату, әлсірету және алдын алу үшін жағдай жасау болып табылады. Бұған сирек шөпті жерлерде көпжылдық шөптерді егу арқылы қол жеткізіледі. Көпжылдық шөптер алып жатқан топырақ су эрозиясына ұшырамайды. Эрозиялық процестерге ұшыраған участкерлерде жануарларды жаюды қатаң нормалау (әсіресе көктемгі кезенде); алаңдарды жалаңаштауға жол бермеу; азықтық шөптердің құрамын жақсарты отырып, шөп шабу бойынша жұмыстар жүргізу қажет.

7. ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕ РЕЖИМІ БАР АУМАҚтар

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 6 қыркүйектегі № 379 бұйрығымен бекітілген су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларына сәйкес осы жобада су қорғау аймақтары (СА) және су қорғау белдеулері (СБ) бойынша ұсынымдар берілді.

Су қорғау аймақтары мен белдеулері және олардың шаруашылық қызметінің режимін су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органмен, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша бекітілген жобалау құжаттамасы негізінде, су объектілерінің ластануын, сарқылуын болғызбау және оларды санитариялық және экологиялық нормалар мен талаптарға сәйкес келетін жағдайда қолдау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар әлемін сақтау үшін облыстың жергілікті атқарушы органы белгілейді.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125-бабының талаптарына сәйкес су қорғау белдеуі шегінде:

- су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;
- су шаруашылығы және су жинау құрылыштары мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылышжайларын, айлактарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, ғимараттар мен құрылышжайларды салуға және пайдалануға;
- су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;
- жекелеген участкерлерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өндөуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

- шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

- тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

Су қорғау аймақтарының шегінде:

- су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

- ғимараттарға, құрылыштарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыш, су тұбін терендету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мұдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бүрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

- тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын аландарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

- мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерусті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

- жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өндеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

- су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өндеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;


- концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өндеу жүргізу қажет болған жағдайда уиттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

Малды суаруды санитарлық нормаларды сақтай отырып, су көздері мен қапталған бұлақтардың суат аландарында жүзеге асыру қажет. Елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту үшін мал шаруашылығы фермаларының көн және қалдықтар қоймасы үшін арнайы аландар салу, тұрмыстық қалдықтар төгетін орындар салу, техниканы жуу үшін арнайы орындар құру, жанар-жағармай материалдарын сақтау орындарында жер біліктерін құру қажет.

Екпін ауылдық округі бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды
пайдалану жоспарына 1-
қосымша


Күкүйек белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Тарбагатай ауданының Екпін ауылдық округінің аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Екпін ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған

жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жоспарына
2-қосымша


Жайылым айналымдарының қолайлыш схемалары



Екпін ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған

жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жоспарына
3-қосымша


**Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары
мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы**



Екпін ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған

жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жоспарына
4-қосымша


Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (келдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Екпін ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған

жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану
жоспарына 5-көсімша


**Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы
жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны
берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы**



Екпін ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған

жайылымдарды басқару және
оларды
пайдалану жоспарына 6-
қосымша

Ауылдық округ манында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



Екпін ауылдық округі бойынша
2022-2023 жылдарға арналған


жайылымдарды басқару және
оларды
пайдалану жоспарына 7
қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

p/c	Ауылдық округ атауы	Шалғай жайылымға малдардың айдаштырылу мерзімі	Шалғай жайылымнан малдарды қайтарылу мерзімі
1	Екпін	Сәуірдің 1 жартысы	Қазанның 1 онкүндігі
2	Аққала	Сәуірдің 2 жартысы	Қазанның 1 онкүндігі
3	Көкжол	Сәуірдің 2 жартысы	Қазанның 1 онкүндігі

Екпін ауылдық округі бойынша
2022-2023 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару және
оларды пайдалану жоспарына
7-1 қосымша

Жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктеріге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы
жануарларын жаюға халық мұқтажын қаңағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың
сыртқы мен ішкі шекералары және алаңдары белгіленген картасы



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК